Тасқала ауылдық округінің жергілікті қоғамдастық жиналысының
№ 9 хаттамасы

Тасқала ауылы **16 қыркүйек 2025 ж.**

«Тасқала ауылдық округі әкімі аппараты» **сағ. 10:00**
мемлекеттік мекемесінің ғимараты

Жергілікті қоғамдастық жиналысы мүшелерінің жалпы саны- 15 адам.
Жергілікті қоғамдастық жиналысына қатысушылардың саны- 8 адам.

Қатысқандар:
Тасқала ауылдық округінің әкімі А.Жамбыл.
Жиналыс мүшелері: С.Адилов, Қ.М.Баймагамбетов, Б.Ғ.Бекентаева, И.М.Бермуханов, М.Х.Залиев, Х.Н.Мергалиев, А.Е.Мухтаров, Ұ.Ш.Шукурова.

Ашық дауыс беру арқылы жергілікті қоғамдастық жиналысының төрағасы мен хатшысы сайланды, күн тәртібі бекітілді.

Жиналыс төрағасы Қ.Баймагамбетов
Жиналыс хатшысы Б.Бекентаева.

Күн тәртібі:

1. **Көпқабатты үйлердің жанындағы қатты тұрмыстық қалдықтарды салатын жәшіктерді қоршау туралы**

ТЫҢДАЛДЫ: Күн тәртібіндегі мәселе бойынша Тасқала ауылдық округінің әкімі А.Жамбыл хабарлама жасады:

1. Саламатсыздар ма, қоғамдастық жиналысының мүшелері! Қандай сұрақтарыңыз бар, қандай ұсыныстарыңызды айтуға жинадыңыз осы жиналысты.

Қ.Баймагамбетов, жиналыс төрағасы: Көпқабатты үйлердің жанындағы қатты тұрмыстық қалдықтарды салатын жәшіктерді қоршау туралы ұсыныс жасау үшін жиналып отырмыз.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Б.Бекентаева: Көпқабатты үйлердің жанындағы қатты тұрмыстық қалдықтарды салатын жәшіктерді қоршау керек. Қатты жел болғанда қағаздар, пакеттер желмен ұшып шашылып жатады.

Ұ.Шукурова: Жан-жағы жабық болып қоршалу керек, әйтпесе жәшіктерді төккенге дейін қоқыс үйіліп тұрғанда көшенің сәнін алады, әрі шынымен де ұшып айналаны бүлдіреді.

А.Мухтаров: 3- ші қыркүйек күнгі жиналысымызда көпқабатты үйлердің жанындағы қатты тұрмыстық қалдықтарды салатын жәшіктерді төгуді «ХАН» жеке кәсіпкерлігіне берілсін деп шешіп едік қой. Сол жергілікті кәсіпкерлік қоршау жұмыстарын өздері жүргізсін.

С.Адилов: Мен қолдаймын қоқыс жәшіктерін қоршауды жергілікті кәсіпкерге беруді.

М.Залиев: Мен де қолдаймын «ХАН» кәсіпкерлігіне жасатуды.

Ұ.Шукурова: Қарсы емеспін.

Қ.Баймагамбетов: Көпқабатты үйлердің жанындағы қатты тұрмыстық қалдықтарды салатын жәшіктерді қоршау жұмыстарын жергілікті «ХАН» жеке кәсіпкерлігіне беру дауысқа салынады:

қолдағандар- 8 адам;

қарсы- 0 адам;

қалыс- 0 адам.

А.Жамбыл: Ендеше, сіздердің қолдауларыңызбен көпқабатты үйлердің жанындағы қатты тұрмыстық қалдықтарды салатын жәшіктерді қоршау жұмыстарын жергілікті «ХАН» жеке кәсіпкерлігіне береміз.

Қ.Баймагамбетов, жиналыс төрағасы: Жергілікті қоғамдастық жиналысы күн тәртібіндегі мәселені қарап келесідей **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

Көпқабатты үйлердің жанындағы қатты тұрмыстық қалдықтарды салатын жәшіктерді қоршау жұмыстары жергілікті «ХАН» жеке кәсіпкерлігіне берілсін.

А.Жамбыл: Бүгінгі жиналысымызға қатысқандарыңызға, ұсыныстарыңызға алғыс білдіремін.

Қ.Баймагамбетов: Басқа сұрақтарыңыз болмаса, жиналысымызды аяқтауға рұқсат етіңіздер. Сау болыңыздар!

Жиналыс төрағасы **Қ.Баймагамбетов**

Жиналыс хатшысы **Б.Бекентаева**